

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2022-2023 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
кезектен тыс №1 хаттамасының ҚАУЛЫЛАРЫ**

Түркістан қаласы

11 тамыз 2022 жыл

Өткізілген орны: Мәдениет сарайының кіші залы

Өткізілген уақыты: 2022 жыл, 11 тамыз, сағат 10:00

Қатысқандар – 25, қатыспағандар - 12

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Факультеттің, кафедралардың келесі оқу жылына дайындық актілерінің сапасына мониторинг нәтижелерін талдау (*баяндамашылар: факультет декандары*).

2. ҚР ҒЖБМ тарапынан енгізілген нормативтік құқықтық актілерге байланысты университеттің ішкі нормативтік құжаттарын актуализациялау (*баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев*).

2.1. Университеттің Академиялық саясатына толықтырулар мен өзгертулер енгізуді ұсыну;

2.2. Университеттің «Академиялық комитеттерінің қызметін ұйымдастыру» ережесінің атауын өзгерту;

2.3. Академиялық департаментімен әзірленген «Академиялық комитет» ережесін талқылау, бекітуге ұсыну;

2.4. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту ережесіне енгізілген өзгерістерді талқылау, бекіту.

3. Университеттің «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау» ережесіне толықтыру енгізу (*баяндамашы: Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталық басшысы – С.М.Мухиддинова*).

4. Университеттің профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесін жоспарлау ережесіне өзгеріс енгізу (*Баяндамашы: Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы – Л.А.Ибрагимова*);

5. Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу (*Баяндамашы: Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы – Л.А.Ибрагимова*).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Факультеттің мен кафедралардың 2022-2023 оқу жылына дайындық актілерінің сапасының мониторинг нәтижелері назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2.1. Университеттің Академиялық саясатына толықтырулар мен өзгертулер енгізу үшін кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын (*жауапты: Оқу-әдістемелік комитет хатшысы – А.Б.Тасова*);

2.2. Университеттің «Академиялық комитеттерінің қызметін ұйымдастыру» ережесінің атауы «Оқу-әдістемелік комитеттерінің қызметін ұйымдастыру» деп өзгертілсін (*жауапты: Оқу-әдістемелік комитет хатшысы – А.Б.Тасова*);

2.3. Университеттің «Академиялық комитет» ережесі бекітілуі үшін кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын (*жауапты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі*);

2.4. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту ережесіне өзгерістер енгізілсін (*жауапты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі*).

Күн тәртібіндегі үшінші мәселесіне байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3. Университеттің «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау» ережесіне толықтыру енгізілсін (*жауапты: Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталық басшысы – С.М.Мухиддинова*).

Күн тәртібіндегі төртінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

4. УЕ-ХҚТУ-099-2021 Университеттің профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесін жоспарлау ережесіне өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін (*жауапты: Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы - Л.А.Ибрагимова*).

Күн тәртібіндегі бесінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5. Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесіне өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін (*жауапты: Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы - Л.А.Ибрагимова*).

Оқу-әдістемелік комитет хатшысы:  А.Б.Тасова

Қазақ Ақпарат-Телеарна және Радио-Телеарналық
Қазақ-Түрік Университеті
КӨШІРМЕ ТҮРІНДЕ